

# Психиатрия дамуының тарихы

Психиатрияның дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. Эмпирикалық кезең
2. Нозологиялық кезең
3. Феноменологиялық кезең

# Эмпирикалық кезең XVIII ғасырдың аяғына дейін

- 
- Көне заманның оқымыстылары мен дәрігерлерінің ойынша психикалық аурулар, басты 4 сұйықтықтың: қанның, сілекейдің, қара және сары өттің тепе-теңдігінің бұзылуына байланысты деп ойлаған.

Бұл кезеңде көрініс берген психикалық ауытқулар: Спарта патшасы Клеомонның өзін өзі кескілеп өлтіруі, ал Сирия патшасы өзінің өгей шешесіне ғашық болған. Осы заманның оқымыстылары Пифагор мен Гиппократ бұл ауытқушылықтарды мидың бұзылысы екенін түсінген.

- Орта ғасырда психиатрия дамымай артта қалған. Өткен ғасырдағы ғалымдардың психикалық ауру туралы пайымдауларын ақиқатқа шығару қиындаған. Осы жылдарда халық психикалық ауытқушылығы бар адамдарды шайтан, жын перімен қарым қатынас жасайды деп есептеген. Ол адамдарды отқа жағып, ыстық темірмен қинаған, ондағы мақсат- жынды, шайтанды қуып жатырмыз деп есептеген. Теріс түсініктің дамығаны соншалық, эпидемияға айналған. Тіпті сендіру үшін адамдардың көзінше қинаған. Шешелері ұрсып жатқан балаларды отқа жаққан. Осы уақытта “Шайтандардың балғасы” атты кітап жарыққа шығып, «Деменология “ілімі пайда болған.



- Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінде медициналық қайта жаңғыру кезеңі басталған. Тарихта алғаш рет психиатрия тәрізді мекемелер ашылды. 1560 жылы Түркияда психикалық ауруы бар адамдарға арналған қолайлы аурухана салынған. Осы дәуірде Әбу-Әли-Ибн-Сина психозды емдейтін әдісті ойлап тапты, оның айтуы бойынша миы шатасқан адамдарға тыныштық пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған, назарларын басқа затқа аудартып жұмыс істеткен.
- Қайта өрлеу кезеңінде Батыс Еуропа елдерінде медицина мен психология өте қарқынды дамыған. Психикалық ауытқушылығы бар адамдарға деген көзқарасы өзгерген. Оларды ауру деп есептеген. Бірақ, оларды мемлекеттік айыпкерлер ретінде санап , терезесіз, пешсіз, тас еденді түрме сияқты ауруханаларға орналастырған. Мейрам кездерінде жақсы киінген қала тұрғындары ауру адамдарды мазақтау үшін ақша төлеп кірген. Осы кезде Францияның психиатриялық мекемелерінде адамдарды тышқандардың ортасында, шіріген сабан үстінде, қабырғасынан су аққан бөлмелерде ұстаған.



- XVIII ғасырдың аяғы және XIX ғасырдың басында білімнің барлық салалары дамыған. Ғалымдардың көбісі медицинаға көңіл аударған. Осы кезеңде белгілі ғалымдар математиктер, химиктер, үкімет қайраткерлері жиналып ғылым саласына бас қосқан. Сол кезде алғаш рет Ф.Пиннель психикалық ауру туралы түсіндіріп науқастардың шынжырын шешкен. Осы кезеңнен бастап психология ғылымы дами бастады. Ф.Пиннель өзінің шәкірттерімен бірге көптеген психикалық аурулардың негізін қалады сонымен қатар, психикалық науқастарды қыспаққа алмау туралы принцип жариялады. Бірнеше жыл ішінде психикалық аурулар туралы трактат жазылып, ғылымда «жан ауруы» туралы көптеген мәліметтер жарияланып сабақтар өтілді. Психикалық аурулар жеке топтарға бөлінді және көптеген емдеу тәсілдері ұсынылды.



- Дәрігерлер арасында инквизитор тәсілдерімен бәсекелестік орын алды. Бұл кезеңде адамды зорлық зомбылық тәсілдерімен емдеу пайда болды. Мысалы, ыстық басу, теріге күшті әсер ететін заттарды жағу, адамның басына 50-100 шелектеп су құю, қорқыту, биіктен лақтыру және де неше түрлі жүрек айнытатын терапиялар қолданылды.
- Психикалық бұзылыстар туралы нақты ілім және оның емі нақты айқындалмаған. Көптеген елдерде көптеген ғалымдар әртүрлі тұжырымдамалар ұсынған. Мәселен Германия ғалымдары «Психикалық бұзылыс мидың бір жерінде шоғырланған, сол ошақты алып тастау керек» деп тұжырымдайды

# Нозологиялық кезең

- Өткен ғасырдың аяғында Батыс психиатриясының аса көрнекті уәкілі Крепелинді айтуға болады, ол нозологиялық принциптерді әйгілі етті. Крепелиннің осы принципіне дейін ауру диагноздарын тек көрінетін белгілермен ғана атаған, ал Крепелин болса аурулардың көрінетін белгілерінен басқа аурудың ағымы, себебі, патогенезі, патанатомиясы бар екенін ескерді.



# Феноменологиялық кезең

- Осы кезеңде Батыс ғалымдары психикалық аурулардың шығуы туралы басқа ілімді ұсынды. Феноменологиялық ағымды Ясперс ұсынған . Оның ойы бойынша аурудың белгілеріне, феномендеріне назар аудару керек. Дәрігердің мақсаты науқастың жанына сезіммен қарау.



# Ресей психиатриясының дамуы

- Ресейдің көне Киев және Мәскеу мемлекеттерінде психикалық ауруға деген көзқарас мүлдем басқаша болған. Ауру адамдарға адамгершілікпен қараған, оларға зорлық көрсетпеген. IX-X ғасырлардан бастап XVIII ғасырға дейін Ресей жерінде психикалық ауруы бар адамдарды өздеріне тыныш, мазасыз, зиянсыз деп есептеген. Оларды тамақтандырған, киім берген, монахтар оларды емдеген. Кейбіреулерін дуана, әулие сиқыршы ретінде қараған. Оған мысал, 1817-1869 жылы Мәскеу ауруханасының бірінде Иван Михайлович Корейша деген науқас адам болған, оны халық білгіш санаған және оған көптеп келген. Халықтан жиналған ақшаға ауруларды асырап, күтуге жұмсаған.

- XVIII ғасырдың аяғында және XIX басында психикалық ауруы бар науқастарға қарайтын монастрлер науқастардың жағдайларын қанағаттандыра алмаған. Мемлекет басшыларына арыз шағымдар жіктеген. Есінен айырылғандар үшін арнайы долгауз үйлер салынды, бірақ онда аурулардың жағдайы нашар болғандықтан бұл үйлер көп өмір сүрген жоқ. XIX ғасырдың басында арнайы ауруханалар ашылды. Ауруханаың бас дәрігері ретінде В. Ф.Саблер бекітілді аурудың тарихы, аурухана есебі, жаңа ережелер, емдеу тәсілдері енгізді. Кейін Рюль бас дәрігер болды, жаңа емдеу шаралары орын алып науқастарға сыпайылық, тыныштық, жылы ванна, серуендеу, диета ережелері қосылды.

# Қазақстандағы психиатриясының дамуы

- XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Қазақстан жерінде психикалық науқас адамдарға дәрігерлік көмек көрсететін медициналық мекемелер болған жоқ. Мұндай адамдарға қатал шаралар қолданбаған, науқастар өз бетімен шулап жүрген адамдар арасында оларды шайтан биледі деген көзқарас туындаған. Мұндай науқастарды бақсылар, діңгерлер дұғамен, шөптен жасаған дәрімен емдеген. Ең алғаш 1861 жылы Оралда 10 адамдық аурухана ашылған. Кейіннен Жымпитыда, Омбыда, Семей мен Верныйда ашылды. Осы жылдары Қазақстан жерінде 49 орындық аурухана болды. 1937 жылы 815 орынға көтерілген.



- ◎ Психиатрия саласындағы ғылыми зерттеулер Қазақстандағы медициналық институттарда психиатрия кафедрасының ашылуымен байланысты. Алғашқы кафедра 1935 жылы Алматы медицина институтында ашылды.